

Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 30 наурыздағы № 25-02-02/146 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 мамырда № 7610 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" 2019 жылғы 5 шілдедегі №479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережесінің 15-тармағы 192) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.12.2025 № 346-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н.Нысанбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Аман

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2012 жылғы 30 наурыздағы
№ 25-02-02/146 бұйрығымен
бекітілген

Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі - Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережесінің 15-тармағы 192) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.12.2025 № 346-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Орман иеленушілер осы Әдістемелік нұсқауларға сәйкес орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтауды жүргізеді.

3. Орман өртінен келтірілген толық материалдық шығындарға:

1) тікелей материалдық шығын:

орта жастағы, толысып келе жатқан, толысқан және құраған екпе ағаштардың, тамырынан зақымданған сүректердің жойылуының құны;

табиғи және қолдан өсірілген жас шыбықтардың, тұтас емес орман екпелерінің және алаңдағы өскіндердің зақымдануының зияны;

екінші дәрежелі орман ресурстарының зақымдануының зияны;

жанама орман пайдалану ресурстарының зақымдануының зияны;

жанып кеткен және бүлінген құрылыс нысандары, техникалар, қондырғылар және басқа да материалдық құндылықтардың бағасы;

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, жабайы жануарлар мен өсімдіктердің жойылуының зияны;

2) жанама материалдық шығын:

орман өрттерін сөндірудің шығындары;

өрттің зардаптарын жоюға (санитарлық шаралар мен ормандарды өсіру жөніндегі шараларды жүргізу) шығындары;

суды сақтау, алқап- және топырақ қорғау, генетикалық, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру және басқа да пайдалы орман қызметтерінің төмендеуінің зияны;

3) алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Орман өртінің түрі мен қарқындылығы ағаштардың, олардың жеке бөліктерінің және биоценоздың әр түрлі компоненттерінің жарақаттану немесе жану белгілері бойынша осы Әдістемелік нұсқаулардың 1-қосымшасына сәйкес анықталады.

2. Тікелей материалдық шығынын анықтау

5. Сүректердің жалпы сүректер запасының пайыздық жойылуы өрт түрлері есебінен және қарқындылығынан, екпе ағаштардың басым көпшілігі тұқымынан және ағаштың орташа жуандығына, орман өрті кезінде сүректердің түбірінен жойылуының көрсеткіштері бойынша осы Әдістемелік нұсқаулардың 2-қосымшасына сәйкес анықталады.

6. Сүректердің жойылу құны формула арқылы анықталады:

$$\text{Спд} = \text{Стп} * \text{М}^3$$

мұндағы:

Спд - сүректердің жойылу құны;

Стп - сүректердің бір текше метр төлем ставкасы;

М^3 - сүректердің жойылу көлемі.

7. Қылқан жапырақты тұқымдардың табиғи және қолдан өсірілген жас шыбықтары, тұтас емес орман екпелері және алаңдағы өскіндері орман өртінен түгел жойылып кетеді.

Жапырақты тұқымдардың табиғи және қолдан өсірілген жас шыбықтары, тұтас емес орман екпелері және алаңдағы өскіндері әлсіз, орташа және күшті қарқынды өрт кезінде тиісінше 25, 50 және 100 пайыздарға зақымданады.

8. Табиғи және қолдан өсірілген жас шыбықтары, тұтас емес орман екпелері және алаңдағы өскіндерінің (бұдан әрі - жас шыбықтар) зақымданған кезіндегі зияндары, тиісті сала үшін қолданылатын 1 гектарға өсірілген жас шыбықтардың тамыр жайғанға дейінгі шығын бойынша анықталады.

9. Зақымданған жас шыбықтардың жасын есептегенде зиянын анықтау 1 гектарға өсірілген жас шыбықтардың тамыр жайғанға дейінгі шығынды осы Әдістемелік нұсқаулардың 3-қосымшасына сәйкес орманды қалпына келтіру шығындарына коэффициентіне көбейту жолымен анықталады.

10. Екінші дәрежедегі орман ресурстарының зақымдануының зияны, тиісті орман тұқымының түбірден ағаш сүрегіне босатылу төлем ставкасының 20 % көлемінде есептеледі.

11. Орманды жанама пайдалану ресурстарының орман өртінен зақымдануының зияны жергілікті өкілді органдарымен бекітілген орман пайдалану үшін төлем ставкаларын пайдаланып анықталады.

12. Мемлекеттік немесе жеке орман иелеріне орман өрті себебінен келтірілген зиян немесе жойылған құрылыс нысандарының, техникалардың, қондырғылардың және басқа да материалдық құндылықтардың, орманда тұрған (шектеу белгілері, аншлағтар, маңдайша жазулар, үгіт және насихат көрнекі құралдары, шағын сәулет үлгілері) зиян көлемі, олардың нарықтық құны негізінде анықталады.

13. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, жабайы жануарлар мен өсімдіктердің жойылуының зияны формула арқылы анықталады:

$$\text{Ужр} = \text{Кж} * \text{Рвр} + \text{Кр} * \text{РврБс}$$

мұндағы:

Ужр - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, жабайы жануарлар мен өсімдіктердің жойылуының зияны;

Кж - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, жойылған жабайы жануарлардың саны;

Рвр - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу ставкаларының мөлшері;

Кр - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерді қоса алғанда, жойылған өсімдіктердің саны;

РврБс - Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкалар.

3. Жанама материалдық шығынын анықтау

14. Орман өртін сөндіру шығындары формула арқылы анықталады:

$$P_T = 3п + C_{MT} + C_{ГСМ} + P_{П}$$

мұндағы:

P_T - орман өртін сөндіру шығындары;

$3п$ - орман өртін сөндіруге тартылған жұмыскерлердің еңбекақысы;

C_{MT} - орман өртін сөндіру кезінде пайдаланылған машиналар, тракторлар, басқа да механизмдер қызметінің құны;

$C_{ГСМ}$ - орман өртін сөндіру кезінде жұмсалған жанар-жағар май материалдарының және өрт сөндіру құралдарының құны;

$P_{П}$ - өрт сөндіруге қатысқан жұмыскерлерді тамақтандыру шығындары.

15. Өрттің зардаптарын жоюға (санитарлық шаралар және орманды ұдайы өндіру жөніндегі шараларды жүргізу) шығындары көрсетілген шараларды өткізетін шығын бойынша анықталады.

16. Суды қорғау, алқап- және топырақ сақтау, генетикалық, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру және басқа да пайдалы орман функциялары төмендеуінің зияны осы Әдістемелік нұсқаулардың 4-қосымшасына сәйкес ормандардың қорғалу категориясы бойынша зиянды бекіту үшін экологиялық коэффициенттің маңыздылығын, осы Әдістемелік нұсқаулардың 2 бөлімшесіне сәйкес есептелген сүректердің түбірінен жойылуы мен жас шыбықтардың зақымдануы жиынтығын көбейту арқылы анықталады.

4. Әлеуметтік материалдық залалды анықтау

17. алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Орман қоры аумағында өрттен келтірген залалды есепке алу

18. Орман өртінен келтірілген зиян туралы мәлімет осы Әдістемелік нұсқаулардың 5-қосымшасына сәйкес үлгілер бойынша орман қоры аумағындағы орман өрттерін есепке алу журналында көрсетіледі.

Орман қоры аумағында өрттен
келтірілген залалды есепке
алу және анықтау бойынша
әдістемелік нұсқауларға
1-қосымша

**Ағаштардың, олардың жеке бөліктерінің және биоценоздың әр түрлі
компоненттерінің жарақаттану немесе жану белгілері**

Өрт түрі мен оның интенсивтілігі	Өрт қауіптілігінің классы	Жанатын орман материалдарының түрі, олардың өзгешелігі мен жану ерекшеліктері
1	2	3
Төменгі жүгірмелі:		
әлсіз	I-II	Жерге түскен жапырақтар, бұтақшалар, мүктер, қыналар, өткен жылғы құрғақ шөп жанады, жалынның биіктігі 0,5 метрге дейін, оттың таралу жылдамдығы минутына 1 метр. 1 м ² жану материалдарының запасы 0,3-1,2 килограмм.
орташа	II-III	Жерге түскен жапырақтар, бұтақшалар, мүктер, қыналар, бұтақтар, шөп төсеніштерінің үстіңгі қабаты жанады, жалынның биіктігі 0,5-1,5 метр дейін, күйген ағаш діңінің биіктігі 1-2 метр, оттың таралу жылдамдағы минутына 3-5 метр. 1 м ² жану материалдарының запасы 0,3-2,5 килограмм.
күшті	III-IV	Жалынның биіктігі 1,5-2 метр, күйген ағаш діңінің биіктігі 2 метрден жоғары, оттың таралу жылдамдығы 3-5 метр. 1 м ² жану материалдарының запасы 0,3-2,5 килограмм.
Төменгі тұрақты:		
әлсіз	II-III	Жоғарыда көрсетілген жану материалдарынан басқа топырақтың үстіңгі қабатындағы тірі төсеніштер, төсеніштің шірі бастаған қабаты жанады. 1 м ² жану материалының запасы 0,5-3,6 килограмм құрайды.

орташа	III-IV	Қосымша орман төсенішінің жартылай шіріген қабаты жанады, ал ағаш діңгегі айналасындағы, түбір мен ағаштар қалдығы жердің минералдық қабатына дейін жанады, күйген ағаш діңінің биіктігі 10-12 метр.
күшті	IV-V	Орман төсеніші жердің минералдық қабатына дейін толық жанып кетеді, ағаштардың тамыр жүйелері де күйеді, олардың жекелегендері құлайды. Күйген ағаш діңінің биіктігі 10-12 метрден жоғары.
Топырақтық (топырақтық-шымтезек):		
әлсіз	III	Сфагнум 7 сантиметр тереңдікке дейін жанып кетеді, тамырлар арасындағы шымтезек 30 сантиметр тереңдікке дейін күйеді.
орташа	IV	Сфагнумнан басқа шымтезек 25 сантиметр тереңдікке дейін жанып кетеді. Көптеген ағаштардың айналасында, олардың кесекті шымтезек бөлімі топырақтың минералды қабатына дейін жанады. Жекелеген ағаштар құлайды.
күшті	IV-V	Шымтезек қабаты толығымен топырақтың минералдық бөліміне дейін жанып кетеді. Ағаштардың жаппай құлауы байқалады.
Жоғарғы:		
әлсіз	III	Ағаштың ұшар басының тұтастығы шамалы қылқан жапырақты, немесе құрамына жапырақ тұқымдылар кіретін екпелерде туындайды. Қылқан жапырақтылардың топтаса орналасқан учаскелері өрттен зақымданады.
орташа	III-IV	Орман дақылдарында және табиғи жолмен өнген қылқан жапырақты тұқымдарда туындайды. Ағаштың үстіңгі қабатындағы өрт көлденеңінен де таралады, сонымен қатар төменгі қабат өртінен жиі алға шығып кетеді. Сүрекдің басым бөлігі үстіңгі қабат өртінен зақымданады.

19		25-32	20	30	40	70	75	45	25	10
20		33 және одан жоғары	10	20	35	60	70	40	15	5
21	күшті	12-16	55	65	85	100	100	90	60	40
22		17-24	40	50	70	95	100	80	45	35
23		25-32	30	40	60	80	85	70	35	25
24		33 және одан жоғары	20	25	50	75	80	60	20	15
Топырақтық (топырақтық-шымтезектік):										
25	әлсіз	12-16	65	70	80	90	95	85	-	-
26		17-24	60	65	75	80	90	80	-	-
27		25-32	50	55	70	75	85	75	-	-
28		33 және одан жоғары	35	40	60	65	80	65	-	-
29	орташа	12-16	80	85	95	100	100	100	-	-
30		17-24	70	75	80	95	100	95	-	-
31		25-32	65	70	75	90	95	90	-	-
32		33 және одан жоғары	50	55	70	85	90	80	-	-
33	күшті	12-16	100	100	100	100	100	100	-	-
34		17-24	100	100	100	100	100	100	-	-
35		25-32	95	95	95	100	100	100	-	-
36		33 және одан жоғары	90	90	90	100	100	100	-	-
Жоғарғы қабат:										
37	әлсіз	12-16	15	85	60	90	95	55	25	15
38		17-24	10	70	40	85	90	45	20	10
39		25-32	-	60	20	80	85	35	15	5
40		33 және одан жоғары	-	50	10	75	80	30	5	-
41	орташа	12-16	40	95	80	100	100	65	35	20
42		17-24	15	90	75	95	95	55	30	15
43		25-32	5	85	60	85	90	45	25	10
44		33 және одан жоғары	-	75	20	80	85	40	15	5
45	күшті	12-16	100	100	100	100	100	90	60	40
46		17-24	50	100	80	100	100	80	45	35
47		25-32	25	95	70	95	100	70	35	25

48		33 және одан жоғары	-	90	60	90	95	60	20	15
----	--	---------------------	---	----	----	----	----	----	----	----

Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға 3-қосымша

Орманды қалпына келтіру шығындарына коэффициент

Өліп қалған жас шыбықтардың жасы, жыл	Қалқан жапырақты (самырсыннан басқа) және қаттыжапырақты тұқымдылар	Самырсын	Жұмсақ жапырақтылар тұқымдылар
1-5	0,91	0,91	0,91
6-10	1,00	1,00	1,00
11-20	1,16	1,16	1,16
21-30	1,41	1,41	-
31-40	1,72	1,72	-
41-60	-	2,32	-
61-80	-	3,45	-

Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға 4-қосымша

Ормандардың қорғалу категориясы бойынша зиянды бекіту үшін экологиялық коэффициенттің маңыздылығы

Орман қызметінің түрлері	Жолдар №	Ормандардың қорғалу категориясы	Коэффициент
1	2	3	4
Суды сақтау	1	Өзендер, көлдер, су тоғандары, каналдар және басқа да су қоры нысандарының жағалауындағы тиым салынған орман алқабы	2,5
	2	Мемлекеттік орман алқабы қорғанышы	3,0
	3	Эррозияға қарсы ормандар	3,0
		Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы темір және авто жолдар,	

Қорғаныш	4	магистральдық тасымал құбырлары және басқа да линиялық құрылыстарға бөлінген қорғаныш орман алқабы	3,0
	5	Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы темір жолы және автожолдар бойындағы қорғаныш орман алқабы	3,0
	6	Алқап- және топырақ қорғаныш орманы	2,0
Санитарлық-гигиеналық және сауықтыру	7	Қалалық орман және орман саяжайы	3,0
	8	Елді-мекендердің жасыл аймағы және емдеу-сауықтыру мекемелері	3,0
Генетикалық және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	9	Биосфералық және қорықтық-сепортерлікті қосқанда, мемлекеттік табиғи қорықтар орманы	5,0
	10	Мемлекеттік ұлттық табиғи саяжайлар орманы	4,0
	11	Мемлекеттік табиғат резерві ормандары	4,0
	12	Мемлекеттік табиғат саяжайлары ормандары	4,0
	13	Мемлекеттік қорықтық зоналар ормандары	5,0
	14	Мемлекеттік орманның табиғи ескерткіштері	5,0
	15	Генетикалық орман резервін қосқанда, ғылыми маңызы бар орман учаскелері	4,0
	16	Ерекше құнды орман алабы	3,0
	17	Жаңғақ кәсіпшілігі аймақ	2,0
	18	Орман жеміс-жидегі екпелері	2,0
	19	Субальпілік ормандар	2,0

Орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларға
5-қосымша

Орман қоры аумағындағы орман өрттерін тіркеу журналы*

(орман иелерінің атаулары)
осы журналдың парақтары _____
(жазба түрде) нөмірленген және тігілген

*журнал нөмірленеді, тігіледі, жетекшінің қолы
және орман иесінің мөрімен расталады

№ р/н	Күні және уақыты				өрттің шыққан орыны (квартал, телім, орман орамы, филиал, мем. мекеме)	орман өрті және оның толтырылған күні туралы хаттаманың №	орман өрті және интенсивтілігі
	орман өртінің басталуы	орман өртін сөндірудің басталуы	орман өртін жайылтпау шылық	орман өртін жою			
1	2	3	4		5	6	7

кестенің жалғасы

Өрт жайлаған аумақ, га							орман өртінің шығу себебі және оған кінәлі тұлға	өрт кіммен және қандай құралдың көмегімен байқалды
ортажаста ғы, толысып келе жатқан, толысқан, қураған	балауса ағаштар	орман көшеттері	өртеңдер	орман өспеген аумақ	Барлығы	орман емес аумақ		
8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы

Өрт сөндіруге пайдаланылды			Орман өртінің зияны, мың теңге		Істі тапсыру туралы мәліметтер	
адам- күні	авто- машина- ауысым	трактор- ауысым	барлығы	орман өртін сөндіру соның ішінде	сотқа	құқық қорғау органдарына
17	18	19	20	21	22	23

[illegible][illegible]